



БҮРКІТ
ЫСҚАҚОВ

Шабьт тузгы

Каз2
Ы1 88

Пікір жазғандар:

Қ Құрманғалиев, ЖҚашқынов

И 472230200-32
402(05) - 84 73-84

® "Жазушы"- 1984

Өлеңдер





МАЙ ЖЫРЫ

Келді міне, жаз жаршысы — Май ерке,
Құмарлана күткен көптен сағынып, Тоты
құстай түрленеді кең өлке, Қызыл гүл мен
жасыл желек жамылып.

Күндегіден Күн де күле қарайды, Ұлы
өмірге сұқтанғандай қызығып, Сәуле
сеуіп әлемге алтын арайлы, Қөк жүзіне
өрмелейді сызылып.

Көшелерге шұғыласы төгіліп, Желбірейді
жалаулары жеңістің.
Куәсіндей көп табыстың көрініп,
Жалтылдайды жаршысындай зор істің.

Жерді жарып барабанның дабылы,
Желбірейді желмен горн шашағы, Оқу
жылы озатындай барлығы, Көздерінен от
ұшқынын шашады.

Кремльден көсем көзін тіккендей,
Жарқын жүзді жас жандарға күлімдеп.
Әрқайсының беттерінен өпкеңдей,
— Жарайсындар, көп жаса, ұл-қызым!— деп.

Төбесінде жібек туы желбіреп,
Сенімменен алға басып барады,
Ұлы халық ұрпақтары ержүрек,
Күн сәулелі коммунизм адамы!

ОКТЯБРЬ ТАҢЫ

Түннен түндік жамылып,
Түнеріп дүние тұр еді.
Танабы жердің тарылып,
Қетіп-ед сұрқы, ірені.

Заманның зәрлі айбыны
Жасқантып жұртты жасынан,
Қара бұлты қайғының
Айықпай адам басынан —

Тұрғанда, соқты сұрапыл —
Долы дауыл долдана,
Ескі өмір болып мүсәпір,
Құлады құрып, зорлана.

Сол соққан күшті дауылдан
Жаңа дүние жаралды,
Дауылдан туған жалыннан
Таң шапағы таралды.

Содан бері әлемнің
Алтыдан бір аймағы

Бөленіп бақыт нұрына,
Құлпырып, гүлдеп жайнады.

Дегенім, дауыл, қарасам —
Октябрьдің күні екен.
Таң дегенім тамаша
Сол күннің сәуле-нұры екен!

ЖҰЛДЫЗ

Ұмытқам жоқ әлі мен,
Бүгінгідей есімде:
Шықтым сыртқа әжеммен
Жаздың жайлы кешінде.

Көргем сонда әжеммен
Ашық аспан төрінен.
Қыңқылдағам әжеме:
«Алып бер» деп, оны мен.

Әжем байғұс қиналып,
Деген маған:
«Қой, балам.
Жұлдыз — тәңір шырағы,
Ойыншық емес ол саған.

Көкте тұрған жұлдызға
Қол созуға болмайды.
Тиіп кетер киесі,
Айтпа, балам, ондайды».

Сонан бері арада
Отгі зырлап талай жыл.
Өлке өзге түрге еніп,
Жаңаланды ой мен қыр.

Әжем қанша жұлдызды
Күдіретті десе де,
Біз оны әкеп орнаттық
Қеңсеге,
 үйге,
 көшеге...

ҚАНАТТЫ ҚИЯЛ

Жазғытұрым.

Жайлы кеш.

Аулақта отыр қарт ата,
Қасындағы ұлына
Әңгіме-шерін тарқата.

«Шырағым,— деді ол,
 — ертеде

Ұшатын кілем болыпты,
Айшылық алыс жерлерге

Өзі ұшып-қоныпты.

Адам оған ауыр жүк —
Артып,

 көкке ұшыпты,
Қең аспанды аралап,
Айды,
 Күнді құшыпты».

Тыңдап сөзін атаның.
Оқуға жүріп ұл кетті,
Содан бері арада
Талай ай,

 күн,
 жыл өтті.

Қарты ардақты, жастары бақытты боп,
Өмір жайнап, жасара беруі үшін.

Ол дауыс — берер даусым көсем үшін,
Даңқы артып, мерейі өсері үшін,
Халқын бастап бақытқа, сара жолмен,
Жеңістен жеңістерге жетері үшін.

Терең ой туып осы екі-үш сөзден,
Отырдым үңіле қарап ойлы көзбен,
Жүйткіді жүйрік қиял шар-тарапқа,
Дүниені сол секундте болар кезген.

Тұрдым да ақ жәшікке жақын келдім,
Бетіне тағы қарап бюллетеньнің,
Халықтың қалаулысы — кандидатқа,
Зор ықлас, шын жүректен дауыс бердім.

ОЙҒА—ӨРІС, ӨМІРГЕ — ЖОЛ...

Қең бөлме,
 Биік стол.
 Электр шам.
Отырмын жалғыз өзім,
 Жоқ бөтен жан.
Алдымда жатыр журнал,
 газет,
 кітап..
Бірі — өлең,
 бірі — тарих,
 біреуі — Заң..

Туып Қырлай аулында,
Түлеген қазақ жерінде,
Ұмытпай башқұрт баурын да,
Жырлаған орыс елін де.

Абай, Тоқай — екі есім
Жүрегінде халықтың,
Тұрса да алда неше сын,
Туарын айтқан жарық күн.

Бүкіл елге танылған
Жиырма жеті жасында,
Жыры — мирас қалдырған
Ғасырлардан ғасырға.

ДОСКЕЙ

Шын сәйгүлік,
Шыққан жүйрік
Даласынан Арқаның —
Доскей қартқа
Арнамаққа
Бұл жырымды тартамын.
Доскей ақын,
Сізді халқың
Ардақтайды тамаша.
Жүзің — жарқын,
Сөзің — алтын,
Баға жетпес санаса.
Ақын ата,
Ән шырқата
Бұл советтік заманда,
Әннен өрнек,
Сезден меруерт
Бердің біздің адамға.
Елдің ісін,

Ердің күшін,
Ұлы Отанның табысын,
Мадақ еткен,
Жырды төккен
Шықты дауыл дауысың.
Халық күні —
Ленинді
Шын жүректен жырладың.
Еркін елді,
Байтақ жерді
Жырлаудан бір тынбадың.
Ақын, сонау —
Қанау, тонау
Бай билеген заманда,
Домбыра шерттің,
Жырды төктің,
Осынау Арқа даланда.
Сонда сенің
Өлеңдерің
Сарыарқаның бойында
Сақталып еді,
Жатталып еді
Қойшылардың ойында.
Төктің зарың
Ашып жаның
Езілген кедей табына.
Еңіреген ел,
Езілген жер
Құлақ түрген зарыңа.
Доскей дарын,
Қайғы-зарың
Кетті, мәңгі-енді жоқ,
Бәлкім, олар
Қалса қалар
Өткен күннен белгі боп,
Енді бүгін,

Жырлар күнің,
Ақын ата, қарышта!
Өзің де — жас,
Жырың да — жас,
Бас жалынды маршқа!

ДЕҚАБРИСТЕР ДАУСЫ

ЖАҢА БЕТ

(П. И. Пестельдің сөзі)

Болды бір іс не болса да,
Солай болу тиіс еді,
Аз ойланып жасалса да,
Бұл біз үшін — ұлы іс еді.

Бармаған жан байыбына,
Бәлкім, бізді дер қара бет,
Әйтседе Отан тарихына
Қеттік жазып бір жаңа бет.

БІЛЕР КЕЙІН

(С. И. Муравьев — Апостолдың сөзі)

Жалғыз өстім, қайғылы өстім,
Жанымды өмір жаралады,
Елемеді мені ешкім,
Ешкім маған қарамады.

Жауға қарсы жалғыз бардым,
Тағы елеусіз болдым құрбан,
Бірақ кейін білер халқым,
Айрылғанын қандай ұлдан!

3. ҮЛГІ-НҮСҚА

(К. Ф. Рылеевтің сөзі)

Білдік біздер әлімізді,
Білдік басым жаудың күшін,
Бірақ жинап барымызды,
Ұрысқа ендік Отан үшін!

Жеңілісті тағы білдік,
Күш тең емес бұл ұрыста,
Әйтседе біз бермек болдық
Басқаларға үлгі-нұсқа!

САРҒАЙҒАН ДӘПТЕР БЕТТЕРІНЕН

СОЛДАТ СЕРТІ

О, Отан,
 сенсің менің туған анам,
Әлдилеп,
 ақ сүт беріп,
 әлпештеген,
Аяңда асыл өскен менмін балаң,
Ойы — озат,
 бойы — болат,
 күші — ерен.

Басыма қондырып сен бақыт құсын,
Нұр құйдың жүрегіме,
 көңілге де,
Бір сенің азаттығың,
 арың үшін,
Әзірмін өмір түгіл,
 өлімге де!

ЕРЛІ-ЗАЙЫП ЕКІ ЖАС

Борышын өтеп әскерлік,
Қайтты жігіт еліне,
Кіндік кескен, кір жуып,
Туып-өскен жеріне.

«Алтын жұлдыз» медалі —
Қеудесінде жігіттің,
Майдандағы кеше өткен
Айғағындай ерліктің.

Қелді жігіт аулына,
Қарсы алды сүйген жар,
Омырауында оның да
«Орақ — Балға» медаль бар.

Жігіт тақты медальды,
Бұзғаны үшін жау шебін,
«Орақ — Балға» жары алды,
Алғаны үшін мол өнім.

Ерлі-зайып екі жас
Құшағында құрметтің:
Бірі — майдан Батыры,
Бірі — Ері Еңбектің.

КӨКМӨЛДІР

Жағасында Нұраның
Жер бар,
Аты — Көкмөлдiр,
Болғанмен бірі жыраның,
Суы қандай мөп-мөлдiр!

Енді міне химия кеп араңа,
Ендірмекші сән-салтанат қалаңа,
Жүз өзгеріп, мың құбылған керемет,
Әкелмекші ырыс-байлық далаңа.

Қарағанды — абзал алтын бесігім,
Кетсін тағы әлемге бір есімің,
Химиялық бұйымдарға — жасыл жол!
Химияға — кең ашылсын есігің!

ЖЫР ЖҮЙРІГІ

Ақын І. Жансүгіровке

Атыңнан айналайын, ақын аға,
Жанымдай, жүрегімдей, жақын аға,
Өзіңді жыр етуге жалықпас ем,
Шықсам да сағат сайын сахнаға!

Тусаңда Жетісудың бауырында,
Ой-Тоған, Саға-Бүйен ауылында,
Жыр еттің шын көңілмен Көкшетауды,
Сипадың Құлагердің сауырын да.

Ақсудың шомылсаң да суында, сен,
Қарағаш, аунасаң да құмында сен,
Емірене Еділ — Жайық суын сүйіп,
Жырладың Исатайдай ұлын да сен.

Шын жүйрік бап талғай ма, күй қарай ма?
Төкпей ме ағыл-тегіл жыр маңайға.
Өнердің жарысында оза шауып,
Қададың жыр жалауын Гималайға.

Жырыңды естіген жан — қайран бәрі,
Атағың кетер ме еді Айдан да әрі!..

Өлеңнің сан сарайын сомдап соққан,
Ән-күйдің Қызыр-Лияс пайғамбары!

Асқанда ақындықтың өрінен, сен,
Алғанда барып орын төрінен, сен.
Құйрықты жұлдыз сынды ағып түстің
Жарқ етіп поэзия көгінен, сен!..

ҰСТАЗ

Профессор

Қажым Жұмалиевке

Арқалап киіз сумкамды,
Ашқанда мектеп есігін,
Қүлімдеп мені қарсы алды,
Құрметті ұстаз, есімің!

Соққанда жатқа мінбеден
Ер Махамбет жырларын,
Ұқтырдың біздер білмеген
Ақыпның асқақ сырларын.

Жастанып түнде басыма,
Оқысам Абай өлеңін,
Жанаса келіп қасыма,
Тұрғандай тағы көремін.

Теңіздей терең тебреніп,
Жазсам да небір өлеңді,
Үйреткенсің сен келіп,
Ақындық маған өнерді.

Кеткелі шалғай алдыңнан
Өтсе де ұзап талай күн,
Айнымай шәкірт қалпымнан,
Әлі де ұстаз санаймын.

АБЗАЛ ҰЛЫ ОТАННЫҢ

Мәлік Ғабдуллинге

Арамызда аңқылдап
Кеше ғана жүр едің,
Жүзің күндей жарқылдап,
Елдің көркі, гүлі едің.

Жібермей жауға кегімді,
Жеңіспен қайтқан Геройым,
Танытып көпке еліңді,
Көтердің көкке мерейін.


Әлемге аты әйгілі
Абзал ұлы Отанның,
Бермедің бас бәйгені,
Батыр, Ғалым атандың.

Аяулы, асыл қалпыңмен
Қазаға қалай қиярсың!?
Осынша биік даңқыңмен
Табытқа қалай сиярсың!?

Қайран аға, қош енді,
Қоштаспасқа шара жоқ,
Орның олқы, бос енді,
Толтырар оны шама жоқ.

МАХАББАТ

Айлардан соң айлар аттап,
Өтседағы жылдан соң жыл,
Адал және таза сақтап,
Махаббатты қадірлей біл!



Махаббат — тек емес серуен
Алма бағы аясында,
Я күрсіну кеуде керген,
Орындықта, жар қасында.

Махаббат — бұл адал, таза,
Қасиетті, қымбатты зат,
Жүрек сөнбей сөнбес о да,
Баспайды тот, жұқпайды дат.

Жүрексіз жан өмір сүрмей,
Махаббатсыз болса аңға тең.
Екеуінің құны бірдей,
Бір-бірінен еш емес кем.

Махаббатты жүрекпен бір
Адал және таза сақтап,
Қасиеттей, қадірлей біл
Қелгенінше ақырғы шақ?

ШОЛПАНЫМ

Алыстағы алтын сәуле, арманым,
Жұлдыз болып көк жүзінде шарладың,
Талайларды таңдандырып көркіңмен,
Талайлардың ой-қиялын арбадың.

Қанбасам да құпияңа, сырыңа,
Арқау болдың өлеңіме-жырыма,
Сүйіктімді «Шолпаным» деп атадым,
Ақ дидарын балап асыл нұрыңа.

Таң алдында шыққаныңда сәнменен,
Бұлбұл құстар қарсы алады әнменен,

Бұл күндері мақтаньшпен атаймыз
Есімінді ерекше бір мәнменен.

Саған қарай самғап ұшып баратын
Күміс құсым қақты көкке қанатын,
Күн де жақын ақ жүзінді аймалап,
Омырауыңа алтын алқа тағатын.

БӨБЕК

Бесікте жатыр бөбек уілдеген
Қайғы ізі қабағынан білінбеген,
Жадырап жаз гүліндей сәби жүзі,
Көктемгі күндей көзі күлімдеген.
Балбырап балғын дене күнәдан пак,
Кіршіксіз көңлі таза, жүрегі ақ,
Татпағап ащы-тұщы өмір дәмін,
Көзінде күлкі ойнаған,
басыңда бақ.

Күмістей, сылдыраған нәзік үні,
Шекердей,
былдырлаған тәтті тілі,
Жібектей,
жанға жайлы бал мінезі,
Жарасқан тал
бойына бар қылығы.
Сүйемін жас бөбекті жүрегім деп,
Арманым,
ақыл-ойым, тілегім деп,
Әкелік аманатты артатұғын —
Үмітім,
келешегім,
тірегім деп.

Көл бойлап,
өзен жағалар,
Келді Маусым — жаз басы!

ШІЛДЕ — ИЮЛЬ

Қыздырып күнін,
қайнатып,
Құлпыртып гүлін,
жайнатып,
Орманда құсын сайратып,
Келді Шілде — Июлің.

Желіге құлын байлатып,
Пішенге шалғы қайратып,
Ораққа елді сайлатып,
Келді Шілде — Июлің.

Көтеріп лагерь жалауын,
Лаулатып костер — алауын,
Думаны қызып даланың,
Келді Шілде — Июлің.

Сай-салада көбелек,
Ызыңдап сона,
бөгелек,
Үшатұғын жебелеп,
Келді Шілде — Июлің.

АҚЫРАП - ОКТЯБРЬ

Сұрғылттанып көк аспан,
Қуқыл тартты топырақ.
Күзіне күзі жалғасқан —
Келді Октябрь — Ақырап!

Шөптің түсі бозарып,
Сарғайды жас жапырақ,
Бар ырысты өзі алып,
Келді Октябрь — Ақырап!

Төбе толып жұлдызға
Нұрға шомды атырап,
Бақыт беріп ұл-қызға
Келді Октябрь — Ақырап...

ҚЫРЫМ ҚИЗИ

Көргем кеше Қырым қиызын
Қиыыл қырман басынан,
Күн күйдіріп нұрлы жүзін,
Жел сипаған шашынан.

Ең болмаса, бір тіл қатып,
Ойым — бүгін таныспақ,
Келем зырлап, құйындатып,
Бара ма жол алыстап?!

Қырман басы — қызу еңбек,
Даласындай майданның,
Мұнда айтуға «мен сүйем» деп,
Барар аузы қай жанның?!

Қеттім тағы тілдесе алмай
Аруымен Қырымның,
Айналысып іспен ондай
Көрген дейсің бұрын кім?!

Алтын астық миллиард пұттап,
Тапсырайын еліме,

Қолға алармын сонда мықтап,
Қырым қызы, сені де!

Машинамды тиеп алып
Тағы тыңның дәніне,
Келем ұшып, келем ағып,
Басып таныс әніме!

СӘЛЕМ САҒАН, АЛТЫН УФА!

Башқұртстан астанасы,
Башқұрттардың бас қаласы,
Елдігің мен бірлігіңнің —
Туын тіккен, бастамасы —

Сәлем саған, алтын Уфа,
Сәлем саған, жарқын Уфа!

Ленин болған көсем қала,
Пушкин келген әсем қала,
Ғафури мен Сәйфи Құдаш
Жыр тудырған, шешен қала,

Сәлем саған, әсем Уфа,
Сәлем саған, шешен Уфа!

Сенің сонау «Ғалияңнан»
Талай қазақ дәріс алған,
Сырлы, сырбаз тас көшеңде
Бейімбеттер ізі қалған.

Сәлем саған, ұстаз Уфа,
Сәлем саған, сырбаз Уфа!

Сүйем сені Алматымдай,
Дүниенің жаннатындай,
Келдік алып қазақ жырын
Мәңгі естен қалмайтындай.

Сәлем саған, алтын Уфа!
Сәлем саған, жарқын Уфа!

ҮШҚАН ҰЯМ

Университет!

Ардақты алтын бесігім!

Әлемге аян сенің даңқың, есімің,
Ғылым кұған ұл — қызына елімнің,
Жомарт қолмен кең ашылған есігің.

Отан гербі омырауына жарасқан,
Еңсең биік көкте бұлтпен таласқан,
Дүние сыры өз бойына тұр сиып,
Ақыл-ойың ғасырлардан әрі асқан.

Талай жасқа нұсқап өмір шынарын,
Кеудесіне кұйдың білім бұлағын,
Отаншылдық от маздатып жүректе,
Зердесіне жақтың ғылым шырағын.

Талайлардың болдың өмір жолдасы,
Ақылшы,

дос,

ұстаз

әрі қолбасы!

Сан түлекті тұғырынан түлеткен
Оқымысты,

оқытушы ордасы!

КІТАП

Кітап!

Ол — адамзаттың жақын досы,
Келмейді кітапты ашпай көңіл хошы,
Ел мұңы,
өмір сыры,
ақын жыры —
Басылған таңба болып кітапқа осы.

Сөйлесіп өзіңменен тіл қатады,
Еріксіз сөзін жұртқа тыңдатады,
Жеткізіп өткендердің өсиетін,
Шешіліп кейде достай сырласады.

Ақылдың сөнбейтұғын шам-шырағы,
Білімнің сарқылмайтын бал-бұлағы.
Ашқанда ақ жүзінді:

өткен күн мен
Келер күн көз алдымда кеп тұрады.

ӨНЕР

Рас, құмар даңққа
Кейбір қалам егесі —
«Қалам,— деген,— тарихта»
Бар ептеген дәмесі.

Әйтсе дағы бар ақын
Айта алмаймын солай деп,
Олай деуге жоқ хақым,
Арамза ойлар солай тек.

Жазбайды ақын өлеңді
«Қалайын,— деп,— тарихта»,
Бүгіп қалу өнерді —
Қиянат қой халыққа!

Біреулер самғап қыранша,
Басына оның тез келер,
Біреулер жылжып жыланша,

Жер бауырлап, өрмелер.

Өркендеп, өрлеп, өсіңіз,
Болған соң жалпы мақсат сол.

Достым,

сізден өтініш:

Болма, бірақ, мансапқор!

Демейміз:

Тұр орында!

Талпынба,

алға тырмыспа,

Мансапқа жету жолында

Ұрынба бірақ қылмысқа!

ЕҢБЕК

Өмір — бір түпсіз теңіз жатқан шалқып,
Секілді батыстағы байтақ
Адамзат бетіндегі қайық сынды,
Түбіне батпау үшін жүзген малтып.
Ескегін ерсіл-қарсыл еседі адам,
Бергенше бойындағы күшін сарқып.
Ақыры демің бітіп шаршағанда,
Кетеді теңіз терең түпке тартып.
Батқанмен өзің, елге еткен еңбек —
Қалмақшы су бетінде мәңгі қалқып.
Ел үшін еткен еңбек есіміңді
Әлемге әйгі етіп, жаймақ жар қып.
Жан шықпақ, қан суалмақ, тән қуармақ,
Ал, еңбек бәрінен де жасар артық.

АСҚАНҒА —ТОСҚАН

Жігітім,
айтпа ешуақта
Өткелден аман өттім деп,
Алыста,
Айдай мақсатқа
Шүбәсіз, сөзсіз жеттім деп.

Жетсең де қандай табысқа,
Тасыма,
аспа, мастанба!
Шықса да сонау ғарышқа,
Жолығар асқан тосқанға!

БҰРАЛҚЫ

Ертеде,
ескі ауылда
Бір бұралқы ит боп еді.
Еркелетер,
есіркер
Иесі оның жоқ еді.

Жүретұғын тіміскіп
Қүресінді көрінген,
Жерді іздейтін тентіреп,
Сорпа-суан төгілген.

Жалтақтайтын жан-жаққа,
Жаттан тілеп несібін,

Сүйек аңдып,
 әр үйдің —

Сығалайтын есігін.

Отаны жоқ,
 елі жоқ

Көрсем космополитті,

Еріксіз еске түсірем

Бұралқы,
 кезбе сол итті.

ҚОРҚАҚ

Қорқақ жанның қолынан

Еш нәрсе де келмейді.

Оның бар яки жоғынан

Өмір өзгермейді.

Қорқақ адам жарамас

Қимылға да, ерлікке,

Ол бір жүрген арам ас

Кеңістікте, кеңдікте.

БӘРІНЕН ДЕ ЖОҒАРЫ

Ақиқатын айтсаң сен,
Қейде анаң да жек көрер
Бойынан мін тапсаң сен,
Қейде атаң да кек көрер.

Мінезіне мін тақсаң,
Жар да соған өкпелер,
Істеріне сын тақсаң,
Дос та суып, кектенер.

Бірақ солай екен деп,
Айтпай қойма турасын
Жағымпаздық етем деп,
Жалғанға бет бұрма, сен!

Ақиқат сөз, әділ іс —
Бәрінен де жоғары,
Оған қарсы келер күш
Дүниеде жоқ әлі!

АҚЫН ТӘУЕКЕЛІ

Соны пікір айтудан
Кейбір ақын қорқады.
Сондықтан да, ей туған,
Қаламының шорқағы.

"Қетем бе,—деп,—сүрініп",
Шаппайды, баяу жортады.
Шықпайды алға жұлынып,
Тізгінін тежеп тартады.

Жарайды, сен-ақ бара бер
Аяңыңмен «шу-шулеп»,
Қайда, достым, қалам бер,
Көрейін бір мен гулеп.

Ой тұсауын ағытып,
Қағайын қиял делбесін,
Соны пікір, соны жыр
Дүниені кернесін!

Әдейілеп алайын
Тақырыптың «ауырын»,
Соқтырып бір қарайын
Поэзия дауылын!

Ақындықтың жолында
Жол таба алмай төтеннен,
Қиналған болсам, соңымда —
Үйренер менің қатемнен...

ҚЕЛМЕЙДІ КІМДЕР ҚАЛПЫНА?!


(Сегізаяқ)

Балалық кезде,
Елестеп көзге,
 Ғажайып ерлік, батырлық,
Ескермей күшті,
Етпекпін істі
 Тарихқа тұзы татырлық.
 Балалық балғын кезінде,
 Берілмес кімдер сезімге!?

Қол бұлғап алдан,
Ғажайып арман
 Шақырды арбап жас жанды.
Қанатты қомдап,
Қияны шарлап,
 Жөнелдім кезіп аспанды.
 Балалық, жастық шағында,
 Салынбас кімдер ағымға!?

Қауырсын қанат
Емес қой болат,
 Шаршамақ, талмақ, алайда.
Ұрылып тасқа,
Былғанып ласқа,
 Жығылма жерге қалайда!
 Салынса темір талқыға,
 Қелмейді кімдер қалпына?

Поэма





УКРАИНА ДАЛАСЫНДА

Ұлы Отан соғысының
партизаны, ақын-коммунист
Жұмағали Саинға арналды.

Автор

АРНАУ

Украина —
 Ұлы елкем,
Айдай әсем,
Күндей көркем,
Сұлулықтан я байлықтан
Асып түсер сенен ел кем.

Ұлан байтақ даласы бар,
Сәулетті зор қаласы бар,
Құш-куатқа,
 ақыл-ойға
Бір елменен таласы бар.

Туды бұл жыр сол тілектен,
Адал, ашық, ақ ниеттен,
Аз да болса, көпке балап,
Құп ал, достым, пак жүрекпен!

I

Отты Украин даласында,
Долы Днепр жағасында,
Жатыр жігіт жараланған
Қалың орман арасында.

Арасында қалың орман
Жатыр жігіт жүзі солған.
Асыл тәннен әлі кетіп,
Айлы жүзден қандар тамған.

Тамған қандар сел боп аққан,
Самай шашқа шор боп қатқан.
Қере қарыс кең маңдайын
Қанды, қара шаштар жапқан.

Қеше ұрыста тиіп бір оқ,
Ішін ертеп түсірді шоқ,
Жолдастары кеткен алға,
Санбат алыс, санитар жоқ.

«Жат өлкеде, жапан түзде
Береді кім жәрдем бізге?
Ажал, ажал, тек бір ажал!
Соған бас и, күдер үз де!»

Деп жас жігіт жатты сұлық,
оңғы рет көзін жұмып,
олды аттанбақ «ол дүниеге»,
Бұл өмірден үміт үзіп.

«Токта, достым, сабыр керек,
Күдер үзу — тым ертерек,
Табылар дос, табылар жар
Жіберетін сүйеп, демеп.

Ышқынғанда қысылып жан,
Талғанда тән, аққанда қан,

Аз ба адамға жақсылықтар

Душар болар тұтқиылдан!?

Әне, әне, анадайдан
Көрінеді қос қарайған,
Адам ба, әлде хайуан ба?
Көтерілді әне сайдан.

Келеді әне екі қара,
Артында арба бар ма және?
«Шыда, достым, шыда, шыда,
Бәлкім, болар солар пана!...»—

Деп сыбырлап сағым үміт,
Жаралыға жатқан сұлық,
Жігіт бұған сенді ме әлде,
Ашты көзін жатқан жұмып.

Қейде тағдыр сондай тентек.
Адамдарды етер тәлкек.
Жібереді таудай пәле,
Бір жақсылық күтсе әнтеқ.

Үміт үзсе дүниеден,
Береді күш, береді дем.
Бәрі кейде керісінше,
Бәрін кері істейсің, сен!

Күтіп еді жігіт көмек,
Жіберетін сүйеп, демеп,

Көзін ашса: тұр қос солдат —
Жау әскері мылтық кезеп.

Бірі:— Қолың көтері— деді.
Жатты жігіт, көтермеді.
Ыңырсыды тек ақырын,
Қабак шытты жөтелгелі.

Бірі — кезеп қара мылтық,
Бірі — шықты бойын тінтіп.
Жарасына қарамастан,
Салды арбаға жұлып, сілкіп...

II

Әкелді оны штабына,
Бастық қатты қыспағына —
Алғаннан соң:— Жөнелтіңдер —
Деді,— тұтқын қыстағына!

Жігітті алып шықты сыртқа,
Соғып басқа, ұрып ұртқа.
— Міне, азиат! Міне, дикарь!
Танысыңдар!— демек жұртқа.

Мұндай «қызық», «тамашаға»,
Тез жиылар бала-шаға.
Тұрды қоршап қалың халық,
Түсе де алмай арашаға.

Қалды алыста туған елі,
Тым жырақта өскен жері.
Жат өлкеде, жапан түзде
Арашалар кім кеп сені?

Ата менен ана қайда,
Пана болар осындайда?

Біле ме екен жалғызының
Тап болғанын мұндай жайға?

Қорғамай ма ұлын келіп?
Құтқармай ма қолын беріп?
Қайдан білсін ғазиз ана
Тұрғандығын өлім төніп?

Қайда ағасы, інілері?
Апа менен сіңділері?
Борышты өтеп туысқандық,
Құтқармай ма бірі сені?

Олар дағы білмейді ғой,
Бұл хал ойға кірмейді ғой,
Шет өлкеде шеру тартып,
Шекпен киіп жүр дейді ғой...

Осы кезде топты жарып,
Екі көзден оты жанып,
Шықты да бір қыз ортаға,
Жас тұтқынды құшты барып.

Екі фриц қалды тұрып,
Тұтқын жігіт, ол да сұлық,
Жиналған жұрт болды аң-таң,
Қімге — қатер, кімге —қызық.

Бір кез фриц жиып есін,
Деді қызға:— Қімсің? Несің?
Мен — Оксана, украинка!
Неге оны сен сүйесің?

Өйткені, ол — менің жарым!
Жалған,— деді фриц-залым,
— Жарың болса кәне айта ғой,
Есімі кім? Қімге мәлім?

Оксана да ойланбастан,
Деді:— Оның есімі — Оспан!
Былыр күзде екеумізді
Атастырған, халық қосқан.

Фриц енді кеп Оспанға,
Деді:— Атың шын Оспан ба?
Ие,—деді тұтқын бірден.
Сендерді рас жұрт қосқан ба?

«Әлбетте» Оспан үлгергенше,
Оксана да сөзін кесе,
Деді:— Мына халық куә,
Болған бізде әлде неше.

Сонда қоршап тұрған халық,
Десті бірден:— Анық, анық!
Түсінбеймін,—деді фриц,
Сен — украинка, ол қай халық?

-Мен қазақпын,— деді Оспан.
-Екеуіңді қалай қосқан?
Оспанда үн жоқ. Сонда Оксана
Былай деді ойланбастан:
-Шын махаббат болса кімде —
Қарамас ол дінге, тілге.
Өлімді де жеңген сүю,
Мойындамас күшті бір де!

Қалды фриц таппай жауап,
Сонсоң тұрған көпке қарап,
Деді:— Оспан Оксананың
Қепілімен болсын азат!

Бәлкім, біреу бұған нанбай,
«Жау бола ма,— дер де,— ондай?

Өйткені біз үйрендік қой
Жау біткенді көруге андай.

Десек те біз: «Дұшпан — жаман,
Дұшпан — жауыз, дұшпан — надан»,
Дегенменен, ол да — жан ғой,
Дегенменен, ол да — адам!

Оның да жан, жүрегі бар,
Арман, үміт, тілегі бар,
Аққан қан мен теккен зарға
Кейде құлақ түрері бар.

Оның да бас, көздері бар,
Ақыл, сана, сөздері бар.
Болса дағы қанша дұшпан,
Кейде жұмсар кездері бар.

Жас жігіттің аққан қаны,
Жас арудың төккен зары,
Қаумалаған халық кәрі,—
Жұмсартпасын қалай бәрі!?

Қыз Оксана жас Оспанды
Құшақтады, қолтықтады,
Сүйеп, демеп һәм жетелеп,
Жөндеріне кете барды.

III

«Солай достым, солай Оспан,
Мұндай халді жоқ ең тосқан.
Ойда жоқта құтылдың сен
Айдаһардан аузын ашқан.

Енді, достым, тұрма қарап,
Өткізбе бос минут, сағат.

Айт рахметті, жаудыр алғыс,
Қалма қыздан «Оксаналап».

Деген бір ой басқа келіп,
Оксанаға қолын беріп,
Рахмет,— деді,— құтқардыңыз
Аждаһадан тұрған төніп.

Айтыңызшы атыңыз кім?
Шыққан тегің, затыңыз кім?
Періште ме, пендесіз бе?
Қалай сонша батылсыз тым?

Сонда жас қыз жайлап қана
Деді:— Мен бе? Мен — Оксана!
Украинка.
Осы жерлік.
Бар тарихым осы ғана.

Қалай түстің арашаға?
Көрдім тұрған бала-шаға,
Жұрт жиылған жерге келіп,
Тап болдым бұл «тамашаға».

Бір дәстүр бар біздің елде:
Егер торға түссе пенде,
Бермек керек қолдың ұшын,
Осы салтпен өскем мен де.

Десем сізді туысқаным,
Иланбас жау, бөлек қаның.
Сонсоң жиып ар-ұятты,
Дедім бірден:—«Сүйген жарым».

Халқым қарсы болмайтынын,
Қайта демеп, қолдайтынын,—

Білдімдағы куә еттім,
Мұндайда өзі қорғайтұғын.

-Есімімді білдің қайдан?
-Нобайменен айттым ойдан,
Байқауымша, сіздің жақта
Оспан — есім етек жайған.

-Я, солай,— деді жігіт,
Басқа сөз жоқ, болды сұлық,
Тек қарақат қара көзін —
Қадап қызға, қалды тұрып,

-Тоқтамаңыз,— деп,— жүріңіз!
Ертіп келед жігітті қыз.
Екеуінің іштерінде
Нендей сыр бар? Білмейміз біз.

IV

Оксана үйге келе сала,
Деді бірден:— Мама, мама!
Жаралы әскер, келдім ертіп,
Боламыз ба аз күн пана?

Не дегенің, ой Оксана?
Маған сен де, ол да бала,—
Деп қарсы алды құшақ жайып,
Алпыстағы Марфа-ана.

О, қасиетті, қастерлі ана,
Өмірге тек сенсің пана.
Сол ананың қасиетін
Білмейді-ау кейбір шала.

Аналарға қадыр, құрмет
Ету — бүкіл жұртқа міндет.

Ана болса — ардақта тек,
Сұрама сен:— «Мынау кім?»— деп.

Юлий Цезарь, Әмір Темір
Қанша қатал, қанша жебір —
Болсадағы,

ана алдында —
Басын иген, сен де жеңіл!

Аналардың қасиетін
Сонша созып, айтам несін!?
Мүмкін, оны, о оқушым,
Менен де өзің көп білесің!?

Одандағы біздің Оспан
Қайда, қалай орналасқан?
Табайық біз соны іздеп,
Айрылмайық ескі достан.

Соныменен Оспан жігіт
Таза, жылы үйге кіріп,
Есін жиды, тамақ ішті,
Демін алды аз кідіріп.

Сонсоң абзал Марфа-ана
Су жылытып іле-шала,
Жуындырды, шомылдырды,
Кигізді үске киім жаңа.

Жылы төсек, жұмсақ жастық
Бой балқытып, дереу мас қып,
Алып кетті тез ұйқыға,
Жұмды жігіт көзін тас қып.

Өтті уақыт,
 Білмейді анық —
 Қанша екенін.
 Бөлме жарық.

Көзін ашты бір кез Оспан,
 Ояныпты ұйқы қанып.

Төңірегін көрсе қарап,
 Отыр ана жамау жамап,
 Бір бұрышта Оксана отыр
 Қөк кітапқа көзін қадап.

Оның аппақ жүздерінен
 Ай сығалап, Күн көрінген,
 Көк аспандай мөлдір көзден
 Ғажайып бір нұр төгілген.

Сүйкімді, әсем пісте мұрын
 Жұқаланып біткен қырын,
 Қызғалдақтай қызыл ерні
 Гүлден жұқа, балдан шырын.

Ақ ниетті абзал ана
 Оянғанын көре сала
 Жас жігіттің,

 деді оған:

— Қанды ма ұйқың! Қалай, балам?

— Ие,— деді жігіт бірден,
 Аянышты әлсіз үнмен.

— Бәлкім, асқа көңілің шабар?

— Рахмет, ана, ішпеймін мен!

Осы кезде Оксана да
 Сызбесін деп сергек ана,

Тастап қойды көз қиығын
Жас жігітке ептеп қана.

Жатыр жігіт жазық маңдай,
От көздері жаққан шамдай,
Қыр мұрынды, қою қасты,
Ақ тістері ақ маржандай.

— Жақсы, жаным. Онда өзін, біл.
Қәне, айтшы бізге бір сыр,
Қімсің және қай жерліксің?
Қалай түстің жағдайға бұл?

Жігіттерге біздің мұнда —
Ұқсамайсың.

Белек тұлғаң.
Тегі алыстан деп ойлаймын,
Қалай пайда болдың мұнда?

— Ие,— деді сонда Оспан.
Жатқан күйі қозғалмастан
(Осы үнге Оксана да Болар
бәлкім құлақ тосқан).

— Рас, ана, алыста елім.
Қазақтардан менің тегім.
— Қазақтардан? Ол қайсы ел?
Естігенім жоқ ед менің.

— Ақ Еділдің ар жағында, Алтай
тауы бер жағында, Көлбеп жатқан
кең өлке бар Қоршап таулар
жан-жағынан.

Орал — Памир арасында, Арқа,
Тұран даласында,

«Қазақстан» аталатын
Үлкен өлке дәл осында.

Менің тегім осы елден,
Бір жасасқам осы жермен,
Арғы ата-бабамыз да,

Осы өлкеде өсіп-өнген.

Осы өлкеде асыр салып,
Еркін өскен біздің халық,
Талай батыр ұл тудырған

Қамал бұзған жауға шауып.

Амангелді, ақын Абай,
Шоқан, Жамбыл, Ер Исатай —
Есімдері көпке аян,
Естігенсіз мүмкін талай?

— Ие, бар ед естігенім,
— Солар менің арғы тегім.

-Түсінікті, ал бұл жаққа
Не себепті, қалай келдің?

— Украинаға тиіп дұшпан,
Елдігіне салып нұсқан —
Жатқандықтан,

Мені елім —
Аттандырды Күн шығыстан.

-Түсінбеймін,— деді ана,—
Мұнда бір сыр бар ғой, бала.
Қайдағы бір шет жерліктің
Жаны аши ма Украинаға?

-Болса дағы түрлі дінде,
Сөйлесе де түрлі тілде,

Қысты дағы, сүйді қатты
Ерініне тақап барып.

Жігіт ерні қандай ыссы!
Қыздың қолы қандай тұщы!
Деп тұрғандай бір-біріне:
— Тағы да сүй!
— Тағы қысшы!

«Бірақ ұят, сабыр керек,
Сүйісерге әлі ертерек.
Кім біледі, абзал-ана
Ойлап қалар әлде не деп!»

Деген келіп жастар ойға,
Бар сезімді бүкті бойға.
Пайдасы жоқ. Ана ішінен
Дайындалып қойған тойға.

Қайран достық, қайран сүйгі!
Сенен де зор бар ма тұйғы?
Бірақ ана махаббаты
Бәрінен де ізгі, сыйлы!

VI

Соныменен біздің Оспан
Адам болды лайық дастан.
Ана менен Оксана үшін
Жан болмады онан асқан.

Болды жігіт сырлы, сыйлы,
Көрді құрмет неше қилы.
Бірі — сүйіп баласындай,
Бірі — оны жарша сүйді.

Бірі — қолға құйса суды,
Бірі — дереу кірін жуды.

Бірі — жұмсақ тесек жайып,
Бірі — астың қамын қылды.

Барлығы да Оспан үшін
Аямады қайрат, күшін.
Жүр жүгіріп абзал ана,
Жүр Оксана — сұлу мүсін.

Ана Оспанды қарасынбай,
Сүйді бейне баласындай,
Оспан да оны құрметпенен
Сүйді туған анасындай.

Оксана ше? Ол бір бөлек,
Сезімі оның елден ерек.
Көңілінде терең сыр бар,
Әзірше жүр бойын тежеп.

Алқынады асау жүрек,
Ғажайып бір тоят тілеп,
Жетелейді шыңнан шыңға
Албырт арман, тентек тілек.

Білдірмекке ішкі сырын,
Сездірмекке жүрек мұңын,
Жас жігітке жазатайым —
Тастап қояр көздің қырын.

Осы бір көз, осы қарас,
Осы назар, осы жанас,
Айтқызбай-ақ аңдатпай ма,
Оксана ашық! Жоқ қой талас!

Кездессе егер кісі лайық,
Сүю оны — емес айып.
Кінәламай Оксананы,
Қайта оны құттықтайық!

VII

О, оқушым, сауал сізгеі
Қәне, жауап берші бізге:
— Ұлы өлке Украинаны
Аралап бір көрдіңіз бе?

— Жоқ,
— Ендеше, бері қара!
Украина — шексіз дала,
Масатыдай мың құлпырған
Ойы, қыры, сай мен сала.

Жері — қызыл гүл жамылған,
Тауы — бұйра бұлт тағынған,
Ормандары оқаланып,
Емес одан шық арылған.

Кең даланы екі жарып,
Асау аттай асыр салып,
Ағады ерке Днепро
Буырқанып, бұйраланып.

Көркем қала, әсем қыстақ
Көз тарғады жаннатқа ұқсап.
Шағаладай шаңқан үйлер
Шақырады жайып құшақ.

Бүрген тоғай, шие бағы
Сылаң қағып тұрар тағы.
Міне, менің Оксанамның
Өтті осында жастық шағы.

Днепрдің ішкен суын,
Полтаваның терген гүлін,
Тарнопольдің тоғайында
Естіген ол бұлбұл үнін.

Тарас жырын жатқа білген,
Леся сырын ұққан бірден.
Шелменко мен Галушконы¹,
Сан рет көріп, сан рет күлген.

«Катерина», «Оксана ма»,
«Наталка ма» әм басқа да
Украина дастандарын
Оқитұғын ол жастана.

Наливайко тарихтарын,
Сагайдачный жорықтарын,
Кармелюктің каторгіде²
Азап шегіп, зорыққанын,


Шевченконың айдалғанын,
Франконың байланғанын,
Бір бұл емес, бүкіл елге —
Қарсы қылыш қайралғанын...

Оксана қыз білді бәрін,
Біліп қоймай, ұқты мәнін,
Өз елінің осы халі
Қинайтұғын қыздың жанын.

Кім күрессе Отан үшін
Аямастан қайрат, күшін,
Сол ұнайтын — Оксанаға,
Сол сүйікті ер — Оксана үшін!

¹ Шелменко, Галушко — украин комедияларының кейіпкерлері.

² Наливайко, Сагайдачный, Кармелюк — Украинаның ұлттық батырлары.



Достарын ше?
Шынын айтсақ,
Ойланбаған осы жағын.

Міне, бүгін бірінші рет,
Оксананың алдына кеп,
Тұрды осы үлкен сұрақ,
Шұғыл, әділ жауап тілеп.

Украинаның достарын ше?
Отандасын, дос-жарын ше?
Сол отандас, достың бірі
Қос Аралдың Оспанын ше?

Осы ойлар маза бермей,
Қуды қызды із өкшелей.
Бір бөлмеден бір бөлмеге,
Жүрді тасқын қуған сендей.

Түссе сүю оты ішіне,
Бере ме ерік ол кісіге!?
Оксананы отырғызбай,
Алып келді бақ ішіне.

VIII

Оксана отыр ауыр ойда,
Ізгі сезім толған бойға,
Шектен асқан махаббатын
Сыйғызарын білмей қайда.

Он тоғызға жасы келген,
Жүзіне ең, көрік енген.
Түрлі сезім пісіп жетіп,
Жаны өсіп, тәнін керген.

Бұл кім екен?

Оспан ғой бұл!

Шырқаған ән, толғаған жыр.
Өз елінің өлеңімен —
Ұқтырмақ па қызға бір сыр.

«Катюша ма», «Гаккуды ма»?
«Ғалиябану», «Аққұмды ма»?
Айтты Оспан әуелетіп,
Сұлу әнмен тәтті тілде.

Осы бір жыр, осы бір саз,
Осы бір ән, осы бір наз,
Қытықтады қыздың жанын,
Сүйдірмеске қоймады лаж.

Жігіт даусы шарықтады,
Ішкі сырын анықтады.
Түсініксіз болса да тіл,
Түсінікті еді мәні.

Қызға өлең бүй дегендей,
— Қел, құшаққа, сүй! дегендей,
Тағдырымыз болсын бірге,
Бірге тоң, бір күй!— дегендей.

Өлең тербеп жүрек қылын,
Шертті сыртқа қыздың сырын,
Шырқады ол да нәзік үнмен
Украинаның отты жырын.

Украинаның отты жырын
Естігенің бар ма, інім?
Жыр деп міне айт осыны,
Әрі айбынды, әрі шырын.

Естігенмін талай тілді,
Тыңдағанмын талай жырды,
Бірақта мен естігем жоқ
Дәл осындай әсем үнді.

Құлақ салсаң ырғағына,
Сарынына, мұң, зарына,
Рух жағынан ұқсайды ол
Біздің елдің жырларына.

Қыз — бақшада, жігіт — үйде,
Асқақтата басты күйге.
Екі елдің жырларына
Толғандай боп тұрды дүние.

IX

Ал, Оспан ше?
Не сыры бар?
Қөңілінің не кірі бар?
Болар ма екен білерге оны?
Қандай екен жігітте хал?

Өтті міне ай шамасы,
Біткен бойда бар жарасы.
Қалды кәзір сауығып та,
Тәуір көңлі, көз қарасы.

Ет те біткен сүйегіне,
Қан жүгірген іреңіне,
Қайта айналып бойға қуат,
Құш те біткен білегіне.

Бірақ жара жазылғанмен,
Тәнге дауа табылғанмен,
Жас жігіттің жүрегіне
Түсті бір дерт табылмас ем.

Түсінікті ондағы дерт:
Қапылыста болды да мерт,
Тұтқиылдан тұтқындалып,
Бұзылды ғой әскери серт.

Отан оны ұлға балап,
Асып бойға қару-жарақ,
Аттандырса ел қорғауға,
Ойда жоқта ол болды қарап.

Жиырма жылдай баққан жігіт,
Сылап, сипап қаққан жігіт,
Ақтай алмай ана сүтін,
Жылы жерде жатқан бұғып.

«Бара қалсам ертең елге,
Шығып алдан аға, жеңге,
Десе:— кәне, не бітірдің?
Қарарлық бет бар ма менде?

Бар ғой тағы әдет елде
Қарайтұғын шекпен, шенге.
Десе:— кәне атақ, абырой?
Одан да артық кірген көрге.

Қалар елдің көңлі суып,
Жүрер тіпті күдік туып,
«Ер емес ол, ез!» дер әлі,
Жатырқар жұрт, келмей жуық.

Басқаны қой, Жәніш — жеңге:
— Біздің Гентек жауға пенде —
Болып,
ақыр жан сауғалап...
Деп жаймай ма талай елге?

Ілінгенше мұндай сөзге,
Жүз есе артық кірген керге.
Емес пе еді намыс, борыш
Жаннан артық жауынгерге?

Деген ойлар Оспанға ылғи,
Маза бермей бейне қырғи,
Жабысады жатса да кеп,
Отырса да қалғып, мүлғи.

Бірақ кімге ашпақ сырын?
Кімге шақпақ шерлі мұңын?
Кім түсінер жас жүрегін
Жалындаған енді мұның?

Фашист болса қанды қармақ —
Салып, жұртты жатыр қармап,
Қылдан тайсаң қылт еткізбей,
Жатыр құртып, жатыр жалмап.

Дегенменен, етсе талап,
Жатпай босқа күнді санап.
Емес пе бұл өз ел-жұрты,
Қалса да аз күн жатқа қарап.

Қайта халық осындайда
Топтаспай ма, қосылмай ма?
Бар емес пе Оксанасы,
Дейтін емес: «досың қайда?».

Бүксе де ол сыр басқадан,
Жасыра алмас Оксанадан,
Дәлелдеген достығын ол
Алып қалып дар-аспадан.

Соныменен біздің Оспан
Оксананы көріп дос жан,

Ақылдаспақ боп онымен
Қойды ноқат ойға тоқсан.

X

Өтті күндер, өтті айлар,
Өтті талай сырлар, жайлар,
Оспан менен Оксаның
Арасында нендей жай бар?

Екі өрен келісті ме
Тілден ләззат берісті ме?
Әлде үйлеспей мінездері
Жанжалдасып, керісті ме?

Кім біледі, қайсы бір жас,
Соққан құйын, желмен бір бәс.
Бүгін — тату, ертең — қату,
Қылығына парық қылмас.

Бірін-бірі көре сүйген,
Сүйе салып, бірден тиген.
Үйлеспей соң мінездері,
Бірін-бірі қуар үйден.

Бірақ Оспан һәм Оксана,
Меніңше, емес ондай шала.
Ақыл-ойға үлкен кісі,
Болғанменен жасқа бала.

Үлкен дейміз.

Үлкеннің де —
Қөріп жүрміз сиқын күнде.
Олардың да қайсыбірі
Адамдықтан азған мүлде.

Кейі шенге, шекпен құмар,
Атақ, ақша, етке құмар.
Ізгі сезім, жоғары ой жоқ,
Не мінез жоқ көпке ұнар.

Құлқынына құныққандар,
Жүректерін суытқандар,
Махаббатты һәм достықты
Талақ еткен, ұмытқандар.

Жә, оқушым, доғарайық,
Мүмкін біреу тағар айып,
«Сөзге еркіндік!»—деп еліріп,
Басқа пәле жамамайық!

Айналысып сөзбен басқа,
Өткізбейік күнді босқа,
Әңгімені әкелейік
Тура бастап екі жасқа.

XI

Алтын табақ Ай астында,
Алма бағы аясында,
Отыр әне екі жас жан,
Міне, қызық жай осында!

Екеуі де отыр үнсіз,
Бірін-бірі ұғып тілсіз.
Көз айтпай ма?

Іш білмей ме?

Тек жүректер болсын кірсіз.

Бұзып бір кез тыныштықты,
— Оксан!.. деген бір үн шықты.
Айта алмады арғы жағын,
Болсадағы қанша мықты.

Айта алмады.

Оған сенем.

Ондай жайлар өткен менен.

Сүйген қызға сөз айтудан

Қиын нәрсе көрген емен.

Барар жігіт болса ұрыс,
Істер берсең нелер жұмыс,
Бірақ «сүйем» деген сөзді
Айта алмас, бітер тыныс.

Оксана да күлім көзбен —

Қарап қойды,

іші сезген

Болар мүмкін жігіт ойын —

Шарықтаған, қиял кезген.

— Ой, Оксана, Оксанашым,

Міне, өмірім, міне басым!

Сүйем сені, білсең тегі,

Мені қинап не қыласың?

Дей көрме тек дінің бөлек,

Сөйлейтұғын тілің бөлек,

Шын жүректен сүйгендерге

Дін де, тіл де болмас бөгет!

Деді дағы Оспан біздің

Алдына кеп ару қыздың

Отырды кеп бір тізерлеп,

Қетті бойдан босап тізгін.

Қыз алдында басын иді,

Қыздың қолын қысып, сүйді.

Шыдата ма жастық оты,

От боп жанып, шок боп күйді.

«Қыз алдында бас иді»— деп,
Оспанды жұрт сөкпеңдер тек.
Талай ерлер қыз алдында
Дулығасын тастамап па ед!?

Әйелге ету күштілікті —
Емес ерлік, ерсі тіпті.
Оныменен сені ешкім
Демес батыр, демес мықты.

Қайта әйелге иіліп кел,
Қішілікпен, қиылып кел,
Сонда саған жарасады,
Сонда сені: «Ер жігіт» дер.

Жігіттерді «жеуге» шебер,
Қылымсыған қыз болса егер,
Оксана да құйқылжыр ед,
Көрсетер ед нелер өнер.

Бірақ біздің Оксанамыз
Еді одан басқарақ қыз,
Сиқырлықты білмейтұғын,
Көрсетпейтін жасанды жүз.

Сүйсе — таза, адал сүйген,
Күйсе — тағы ашық күйген.
Сезімі мен сөзі бірдей,
Бүкпесі жоқ ішке түйген.

Сүйгендігін жасыра алмай,
Не «қулығын» асыра алмай,
Тұрды Оксана өрт боп жанып,
Оспанға ол да бас ұрардай.

Ол Оспанның сипап басын,
Уқалады жұмсақ шашын,

Көзіне оның көзін тікті,
Дегендей-ақ:— Шын ба? Расың?..

Бір-біріне қадалды көз,
Бәрі айқын. Не керек сөз?
Көз қадалды, жүз қадалды,
Шіркін, шіркін, осы бір кез!..

Тиген кезде ерінге ерін,
Махаббаттың басты мөрін,
Жүректер де растады,
Заңды етіп қойды қолын.

Мешітсіз-ақ, шіркеусіз-ақ,
ЗАГС сыз-ақ, тіркеусіз-ақ
Қосылысты екі жүрек
Құпиясыз, бүркеусіз-ақ.

Оксанамыз сөйтіп біздің
Қуыршағын жинап қыздың,
Қәдімгідей болды жұбай,
Ұлы өмірге беріп тізгін...

Украина әйелдерін
Бар ма, достым, көргендерің?
Міне әйел деп осыны айт,
Тарқататын жанның шерін.

Мен айтпай-ақ қоям көркін,
Әркімге-ақ ол бітер, бәлкім,
Қылығы мен мінезін айт,
Табатұғын көңіл дертін.

Махаббатты таза тұтқан,
Адамдықты терең ұққан,
Ыпайы жүз, сынық мінез,
Сыртпен емес, ішпен ұтқан.

Еркелігі, еткен назы,
Басқан ізі, шыққан сазы,
Тәтті қылық, бал мінезі
Жүрек нәрі, жаннын жазы.

Ақ кеңілді, мейірбанды,
Ыстық жүрек, ізгі жанды,
Қанша елді кезсем де мен,
Сирек көрдім мұндайларды.

Айғайы жоқ, ашуы жоқ,
Беттен ызғар шашуы жоқ,
Екі сөзге келсе ерімен,
«Ит», «күшікке» басуы жоқ.

Тасыры жоқ, дүңкілі жоқ,
Шаңқылы жоқ, күңкілі жоқ,
Өз дегені болмай қалса,
Жатып алар «ыңқылы» жоқ.

Ұрсуы жоқ, жекуі жоқ,
Нұқуы жоқ, зекуі жоқ,
Болса дағы он баласы,
Оны міндет етуі жоқ.

Мінезінің кесегі жоқ,
Ызыңы жоқ, өсегі жоқ...
«Жарды жұмсап, жатып ішсем»,
Деген пасық есебі жоқ...

Әттең біздің кейбір жеңгей,
Жүр ғой әлі епке көнбей,
Сол «жоқтарды» «бар» еттіріп,
Қойды ақылға ырық бермей.

Неге керек көңіл кірлі?
Неге керек мінез бүрлі?

О, жеңгейлер, жөн болар ед
Осылардан алсақ үлгі.

Кетірмейін уақыт зия,
Былғамаймын қағаз, сия,
Бар емес пе еркектері,
Оқыр солар «нотация».

ХІІ

Украинаның тынық түні,
Әсем қоңыр кештің бірі.
Ашық аспан,
 Ай қалқыған.
Естіледі бұлбұл үні.

Жарқыраған көкте жұлдыз,
Маужыраған жерде шың, күз,
Алма бағы аясында
Отыр жігіт және бір қыз.

Өткен айлар, өткен апта,
Біткен бойда жарақат та.
Енді Оспан аттанбақшы,
Қосылмақшы қайға сапқа...

Соғыс әлі болмай тамам,
Жүруде еді ұрыс әман,
Соның үшін Оспан бүгін
Айрылыспақ Оксанадан.

— Бітер жорық, бітер сапар,
Шыда, жаным, оған қадар,
Туған елің — Украинаға
Азаттықтың таңы атар.

Туған елдің сол таңында,
Қуаныштың мол шағында,
Қеледі деп күт мені сен,
Болам сонда мен жаныңда.

Айналайын ақ Оксана,
Мені есіңнен еш тастама!
Жарым да сен, арым да сен,
Ой, Оксана, ой Оксана!

-Айналайын Оспантайым,
Сенсің — Күнім, сенсің — Айым.
Жүрегімді кеттің алып,
Сені қалай ұмытайын!

Айналайын ақ Оксана,
Сала көрме көз басқаға,
Біздің халық тым қызғаншақ,
Ой, Оксана, ой Оксана!

Айтылған серт, берілген қол —
Адам үшін қасиетті ол.
Ұмытпа, Оспан, Оксананды,
Оксанаңа сен де адал бол!

Уақыт та жоқ ұзақ сөзге,
Сөз түсе ме мұндай кезде?
Көңіл босап, буын балқып,
Тығылды ыстық жастар көзге.

Қетті қайрат, қуат бойдан,
Шықты ақыл, сана ойдан,
Естен танды екі ғашық,
Осы минут, қайран, қайран!

Бір мезгілде Оспан-жігіт,
Есі кіріп, бойын жиып,

Сүйіп жарын соңғы рет,
Көлігіне алды мініп.

Отан үшін туған жігіт,
Отаны үшін кетті жүріп.
Қалды артында сүйген жары,
Қолын былғап, көзін тігіп.

Ойлы көзбен сен қарасаң,
Бұл да өзінше бір тамаша,
Жігіт көркі — жорық болса,
Жарға күту — тым жарасар...

ЭПИЛОГ

Өтті күндер, өтті жылдар,
Ақты талай өзен, сулар,
Тынды дүлей соғыс дауылы,
Желбіреді бейбіт тулар.

Арнасына түсіп дүние,
Тыныштық бір келді күйге.
Шет өлкеде шеру тартып —
Жүрген жандар қайтты үйге.

Қаз қаңқылдап ұшты көлге,
Сұңқар самғап тартты шелге.
Қайтты Оспан да Оксанамен
Қос Аралға — туған елге.

О, оқушым, сездің нені?
Мұнда бір сыр бар ғой тегі,
Қызға қымбат — махаббаты,
Жігітке ыстық — туған елі.

Қеледі деп Оксана, Оспан,
Қала халқы жолын тосқан.

Бәрі шыққан қарсы алуға,
Қалмай ешкім кәрі — жастан.

Келді туған қаласына,
Кірді жиын арасына,
Ата-ана, аға-жеңге,
Дос-жаранның бәрі осында.

Жайқалады қолда гүлдер,
Естіледі шаттық үндер,
«Құтты болсын!» айтып жатыр
Қолын былғап әлдекімдер.

Ақ жаулықты бәйбішелер,
Мұндай іске қандай шебер!
«Шашу, шашу!» деп жар салып,
Тәтті тағам төкті нелер.

Оксананы қолтыққа алып,
Қалың топты екі жарып,
Беттеді Оспан анасына,
Айлар, жылдар күткен талып.

Келгенде алға екі бала,
Мейіріманды, ақ шашты ана,
Құшты әуелі Оксананы,
Өпгі беттен құшырлана..

Сонсоң ана сүйді Оспанды,
Аймалады, мейірі қанды.
Ақ батасын беріп оған,
Құттықтады жас жандарды.

Қатар-қатар үй тігілді,
Лек-легімен жұрт жиылды.

Ақ басты ата ұлдарына:
— Баста тойды!—деп бұйырды.

Кәзіргінің қарттары да,
Бөлек сана-салттары да,
Қарабай мен Базарбайдың
Жоқ оларда тартпағы да.

Жиылды жұрт ойдан, қырдан,
Басталды той. Қызды думан.
Домбырадан күй төгіліп,
Ағылды жыр бандурадан.¹

Қонақтардың тобын бастап,
Келді Орлов, келді Остап...
Еліміздің ежелдегі
Шын достығын тағы растап.

Ат шабылды, қой сойылды,
Табак-табак ет қойылды.
Сері жігіт, сергек бикеш
Қыздырмалап кетті ойынды.

Осы кезде Орлов тұрып,
Қөпшілікке мойын бұрып:
— Ғазиз достар, рұқсат болса,
Менде бір сөз...— деді күліп.

Ән-күй өшті. Сыбыр тынды.
Бәрі тегіс мойын бұрды.
Үкім оқыр судьядай,
Дәл ортада Орлов тұрды.

¹ Бандура — украинның ұлттық музыка аспабы.

— Бұза алмастай қарға, құзғын,
Қалыптасқан қанмен біздің —
Махаббаты ұл мен қыздың,
Достығы ұлы халқымыздың.

Достығы үшін халқымыздың,
Бақыты үшін ұл мен қыздың,
Көтерелік, кәне достар,
Тостымызды осы біздің!

Орловтың бұл сөзін қостап,
Көтерді Оспан, көтерді Остап,
Қалысар ма Қабан мұнан,
Жұрттан бұрын қойды тастап.

Ашулы арақ, шәлкеш шарап
Ішке түссе, тұрмас қарап,
Кетеріліп градустар,
Кетті тойды қыздырмалап.

Осы тойға мен де келгем,
Салтанатын көзбен көргем,
Айдай нұрлы Оксананың
«Беташарын» айтып бергем.

Осы тойда біздің Оспан
Хикаясын кешкен бастан
Айтып еді маған сыр ғып,
Туды сонан осы дастан.

О, құрметті оқушымыз,
Мүмкін шаршап, жалықтыңыз,
Екі жасқа бақыт тілеп,
Тамамдайық дастанды біз.

М АЗМ ҰН Ы

Өлеңдер

Май жыры .	5
Октябрь таңы	6
Жұлдыз	7
Қанатты қиял.....	8
Менің даусым.....	9
Ойға — өріс, өмірге — жол.....	10
Ана махаббаты	11
Нұрлы бейнелер	12
Декабристер даусы.....	16
Сарғайған дәптер беттерінен .	17
Қөкмөлдір	20
Қарағанды — мекенім	21
Жыр жүйрігі.....	22
Ұстаз	23
Абзал ұлы Отанның	24
Махаббат.....	24
Шолпаным	26
Бөбек	27
Айлар сыры.....	28
Қырым қызы	31
Сәлем саған, алтын Уфа!.....	32
Ұшқан ұям	33
Мұғалім.....	34
Кітап	35

Өнер	35
Шабыт	36
Мансап	36
Еңбек	37
Асқанға—тосқан.....	38
Бұралқы	38
Қорқақ	39
Бәрінен де жоғары.....	40
Ақын тәуекелі.....	40
Қелмейді кімдер қалпына?!	42

Поэма

Украина даласында	45
-------------------------	----

Искаков Буркут

ЗОРИ

(Стихи, поэма)

(На казахском языке)

Редактор

И. Оразбаев

Художник

К. Утебаев

Художественный редактор

Н. Нурмуханбетов

Технический редактор

Н. Галицкая

Корректор

Н. Измаилова

ИБ 3021

Сдано в набор 28.11.83. Подписано в печать 13.02.84. УГ 19051. Формат 70X90^{1/32} Бум. тип. № 2. Литературная гарнитура. Высокая печать. Усл. печ. л. 3,2. Усл. кр.-отт. 3,41. Уч.-изд. л. 3,3. Тираж 2000 экз. Заказ 6800. Цена 35 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, 480124, пр. Абая, 143.

Типография оперативной и билетно-бланочной продукции производственного объединения полиграфических предприятий «КИ-ТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. К. Маркса, 15/1.

Ысқақов Бүркіт.

Ы88 Шабыт шуағы: Өлеңдер, поэма.—Алматы: Жазушы, 1984.—88 бет.

Ақын Бүркіт Ысқақовтың «Шабыт шуағы» аталатын бұл кітабына оның ұзақ жылдары жазған өлең-жырларының ең тәуірлері енгізіліп отыр.

Каз 2

4702230200—32

И 402(05)—84⁷³⁻⁸⁴

F-57

01

